



Жапонияның Халықаралық Экономикалық Үлтымақтастық Қоры мен Қазақстан Республикасы арасындағы Ертіс өзеніне салынатын көпір құрылысының жобасы бойынша Қарыз туралы 1997 жылғы 12 наурыздағы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 12 мамыр N 103

Жапонияның Халықаралық Экономикалық Үлтымақтастық Қоры мен Қазақстан Республикасы арасындағы Ертіс өзеніне салынатын көпір құрылысының жобасы бойынша Қарыз туралы 1997 жылғы 12 наурыздағы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

N KAZ-P2 Қарыз туралы Келісім

ЖАПОНИЯ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮЛТЫМАҚТАСТЫҚ ҚОРЫ

мен

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

арасындағы

Ертіс өзеніне салынатын көпір
құрылысының жобасы

1997 жылғы 12 наурыз

Мазмұны

I-бап

Қарыз

1-тарау

Қарыз сомасы және мақсаты

2-тарау	Қарыз қорын пайдалану
II-бап	Төлемдер мен проценттер
1-тарау	Негізгі соманы қайтару
2-тарау	Проценттер және оларды төлеудің әдістері
III-бап	Айрықша жағдайлар
1-тарау	Жалпы ережелер
2-тарау	Сатып алу рәсімдері
3-тарау	Төлеу рәсімдері
4-тарау	Қарызды басқару
5-тарау	Ескертпелер мен ұсыныстар
1-қосымша	Жобаның сипаттамасы
2-қосымша	Қарыз қорларын орналастыру
3-қосымша	Амортизациялық кесте
4-қосымша	Сатып алу рәсімдері
5-қосымша	Міндеттемелер бойынша рәсімдер
6-қосымша	Өтеу рәсімдері

Халықаралық Экономикалық Үнтымақтастық Қоры мен Қазақстан Республикасы арасындағы 1997 жылғы 12 наурыздағы N KZ-P2 қарыз туралы Келісімі.

Қазақстан Республикасының экономикасын дамытудағы және

тұрақтандыруды қолдану үшін Жапон қарызын арттыруға қатысты Жапон мен Қазақстан Республикасы Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 28 ақпандағы Пікір Алмасу мазмұнына сәйкес,

Халықаралық Экономикалық Үнтымақтастық Қоры (одан әрі "Қор" деп аталады) мен Қазақстан Республикасы (одан әрі "Қарызгер" деп аталады) осымен Қарыз туралы (одан әрі келісімнің барлық қосымшаларын қосып, "Қарыз туралы Келісім"), деп аталады мынадай келісім жасайды.

Қарыз

1-тарау. Қарыздың сомасы мен мақсаты

Қор Қарызгерге бұрын Қарыз туралы келісім тағайындалған тәртіптерге сай және Жапонияның (одан әрі "Қарыз" деп аталады) қолданып жүрген заңдары мен ережелеріне сәйкес ұсынылған, ұсынылып отырған 1-қосымшада (одан әрі "Қарыз" деп аталады) сипатталған Ертіс өзені арқылы салынатын құрылысының Жобасын жүзеге асыру үшін негізгі сома ретінде ЖИЫРМА БІР МИЛЛИАРД БЕС МЫҢ ҮШ ЖҮЗ МИЛЛИОН жапон иенінен (21,530,000,000) аспайтын соманы Қарызгерге беруге келіседі, бірақ мындай шартпен, Қарыз туралы Келісім шеңберінде төлеу сомасының жиынтығы көрсетілген лимитке жеткен бойда, Қор одан әрі төлеуді жүргізбейтін болады.

2-тарау. Қарыз қорын пайдалану

(1) Қарызгер ұсынылып отырған 4-қосымшада (одан әрі "Ресурс көздеріне өкілетті Мемлекет(тер) деп аталатын, одан әрі 2-қосымшада сипатталғандарды орналастыруға сәйкес (сипатталған, ресурс көздерінің өкілетті елдер жеткізушілерінен, мердігерлерінен немесе кеңесшілерінен одан әрі бірлескен "Жеткізуші(лер)" деп аталады. Жобаны жүзеге асыру үшін қажетті тауарлар мен қызметтерді алуға қарыз қорын пайдалануға ниетті.

(2) Қарыз туралы Келісім шеңберінде қаржыларды түбегейлі төлеу, Қарыз туралы Келісім күшіне енген күннен жеті (7) жыл өткеннен кейінгі күн мен айдан кешіктірмей, және егер қор мен Қарызгер арасында басқадай келісім болып, Қор басқа қаржыларды одан әрі төлеуді көздемесе, жүзеге асырылады.

II-бап

Өтеу және проценттер

1-тарау. Негізгі соманы өтеу

Қарызгер Қорға негізгі қарыз сомасын 3-қосымшада көрсетілген,

Амортизациялық Кестеге сәйкес өтейді.

2-тарау. Проценттер және оларды төлеуді рәсімдері

(1) Қарызгер әр жарты жыл сайын Қорға Қарызгер сол мерзімге дейін алған, бірақ оларды өтемеген (одан әрі "I негізгі сомасы" деп аталады) Қарызгердің негізгі сомасының бөлігіне проценттер (жылдың проценттік ставка бойынша 2,7 %) төлейді:

(а) 1-тараудың 2-қосымшасында көрсетілгеніндей А Категориясына орналастырылған, Қарыз қорынан төленген негізгі сома;

(б) Жоғарыда аталған сомаларды (1) (а) төлеуге қатысты қарыз қорынан төленген қызметтер үшін шығындар;

(в) 1-тараудың 2-қосымшасында көрсетілгендей (с) Категориясынан қайта бөлінген және жоғарыда аталған (I) (а) немесе (I) (б) сомаларға қатысты бойынша төленген негізгі сома.

(2) Қарызгер әр жарты жыл сайын Қорға Қарызгер сол мерзімге дейін алған, бірақ оларды өтемеген (одан әрі "II негізгі сомасы" деп аталады) Қарызгердің негізгі сомасының бөлігіне проценттер (жылдық проценттік ставка бойынша 2,3 %) төлейді.

(а) 1-тараудың 2-қосымшасында көрсетілгендей (B) Категориясына орналастырылған, Қарыз қорынан төленген негізгі сома;

(б) Жоғарыда аталған сомаларды (2) (а) төлеуге қатысты Қарыз қорынан төленген қызметтер үшін шығындар;

(в) 1-тараудың 2-қосымшасында көрсетілгеніндей (C) Категориясынан қайта бөлінген және жоғарыда аталған (2) (а) немесе (2) (б) сомаларға қатысты бойынша төленген негізгі сома.

(3) Қарызгер Қорға өткен жылдың 20 қыркүйектен сол жылдың 19 наурызына дейін өскен әр жылдың процентінен 20 наурызында төлейді және сол жылдың 20 наурызына сол жылдың 19 қыркүйегіне дейін өскен әр жылдың процентін, егер бұрын соңғы төлейтін күні Қарызгер Қорға өткен жылдың 20 қыркүйегінен сол жылдың 19 наурызына дейін өскен әр жылдың

процентін 20 сәуіріне дейін және өткен жылдың 20 наурызынан 19 қыркүйегіне дейін өскен әр жылдың проценті 20 қазанға дейін болған жағдайда төлейді.

III-бап

Айрықша Ережелер

1-тарау. Жалпы Тәртіптер мен Ережелер

Қарыз туралы Келісімге қолданылатын барлық ережелер одан әрі Қордың 1987 жылғы қараша деп белгіленген Жалпы Тәртіптері мен Ережелерінде, төмендегідей қосымша ескертпелермен (одан әрі "Жалпы Ереже" деп аталады) айтылады:

(1) Жалпы Ережелерде айтылған "негізгі сома" термині "1-негізгі сома" және "11-негізгі сома" терминдерімен ауыстырылады.

(2) Егер қарызгер артықшылық тәртібін анықтамай, негізгі соманы немесе проценттерді яки басқа алымдарды өтеуді жүргізсе, Қор негізгі соманың, проценттердің немесе басқа алымдардың 1-негізгі сома немесе 11-негізгі сома арасындағы артықшылық тәртіптері туралы шешім қабылдай алады.

(3) Жалпы Ережелердің 3.07-тарауы мынадай тармақтармен ауыстырылады:

3.07-тарау. Төлем тәсілі

Негізгі сомадан, проценттерден және басқа алымдардан түскен қаржыларды Қарызгер Жапония, Токио, Ючисэйвэй-чо Офисі, "Токио-Митсубиси" лтд. Банкінің ш о т ы н а а у д а р а д ы .

(4) Жалпы Ережелердің VIII-бабы назардан тыс қалдырылады және одан кейін Жалпы Ережелерде аталған Келісімдер" мен "Гаранттарға" сілтеме жасап отырып, е л е м е у і н е б о л а д ы .

(5) Келісім-шарт Қордың қаржыландыруы үшін өкілеттігі анықталғаннан кейін, Жеткізуші(лер) атауы Қор атауымен жаңартылады.

2 - т а р а у . С а т ы п а л у р ә с і м д е р і

Жалпы Тәртіптер мен Ережелердің 4.01 тарауында сөз болған сатып алу және жалдау кеңесшілері бойынша Нұсқаулық сатып алу рәсімдерінде 4-қосымша) сөз б о л а д ы .

3 - т а р а у . Т ө л е у р ә с і м д е р і

Жалпы Ережелердің 5.01-тармағында сөз болған Төлеу рәсімдері мыналарды қ а м т и д ы :

(1) Міндеттемелер бойынша рәсімдері (5-қосымша) Қазақстан Республикасының валютасынан ерекшеленетін, келісім шарттың валюта аталған бөлігіне қатысы бойынша, Қазақстан Республикасынан басқа, ресурс көздерінің құқылы мемлекет(тер) інен Жеткізуші(лер)ге төлеген жағдайда қолданылады.

(2) Өтеу рәсімдері (6-қосымша) Қазақстан Республикасының валютасынан ерекшеленетін, келісім-шарттың валюта аталған бөлігіне қатысы бойынша, Қазақстан Республикасының басқа, ресурс көздерінің құқылы мемлекет(тер)імен Жеткізуші(лер) ге төлеген жағдайда қолданылады.

4 - т а р а у . Қ а р ы з д ы б а с қ а р у

(1) Семей облысы Әкімінің аппараты (одан әрі "Атқарушы Агенттік" деп аталады) Жобаны жүзеге асыру үшін Қарызгердің өкілетті болып табылады.

(2) Қарызгер Атқарушы Агенттікке Жобаны жүзеге асыру үшін кеңесшілер ж а л д а у д ы т а п с ы р а д ы .

(3) Егер, қарыз қаржысы Жобаны табысты жүзеге асыру үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қарызгер шұғыл түрде, қажетті қаржыны алу туралы уағдаласуы керек.

(4) Қарызгер қарыз қорынан Жобаны жүзеге асыру мақсатында Қаржы Агенттігі арқылы Атқарушы Агенттікке (одан әрі "Суб-займ" деп аталады) ссуда(лар) беруге қ ұ қ ы с ы б а р .

(5) Қарызгер Атқарушы Агенттікке жобаның атқарылу нәтижесі туралы тоқсан сайын "әр жылдың қаңтарында, сәуірінде, шілдесінде және қазанында" Қор соншалықты талап еткен, соншалықты нақты үлгіде Жоба орындалғанға дейін Қорға е с е п б е р у д і т а п с ы р а д ы .

(6) Тез арада, бірақ Жоба орындалғаннан кейін 6 айдан кешіктірмей, Қарызгер

Атқарушы Агенттікке Қор соншалықты талап еткен, соншалықты нақты үлгіде Жобаның орындалғандығы туралы есеп беруді тапсырады.

(7) Қарызгер барлық уақыт бойы Жобаға қатысы бар кез-келген

өндірістік жабдықтармен жұмыс істеп, пайдаланады немесе жұмыс істеуге және қызмет көрсетуге тапсырма береді және қажеттілігіне қарап ағымдағы қажетті және күрделі жөндеу жұмыстарының барлығын атқарады немесе орындауға тапсырма береді.

5-тарау. Ескертпелер мен ұсыныстар

Жалпы Ережелердің 9.03-тарауының мақсаты үшін мынадай мекен-жайлар анықталған:

Қордың:

Пошталық мекен-жай:

THE OYERSEAS ECONOMIC COOPERATION FUND

Takedashi Godo Building6 4-1, Ohtemachi 1-Chome
Chiyoda-ku6 Tokyo 1006 Japan

Назарға алынсын: Басқарушы Директор, Операциялық Бөлім II
Жеделхат үшін мекен-жай: COOPERATIONFUND
Токуо

Телекс: Call N 7 J28430

Кері код: COOPFUND J28430

Қарызгердің:

Пошталық мекен-жайы:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

Қазақстан Республикасы
480091, Алматы, Абылай хан даңғылы 97
Назарға алынсын: Қаржы министрлігі
Жеделхат үшін мекен-жай: "Филин"

Атқарушы Агенттіктің:

Пошталық мекен-жай:

Қазақстан Республикасы

Семей

Интернационал көшесі 8

Семей облысы Әкімінің аппараты

Назарға алынсын: Семей облысының Әкімі

Егер, жоғарыда көрсетілген және (немесе атаулар өзгертілсе мүдделі тарап кешіктірмей басқа тарапқа жаңажай және) немесе атаулар туралы жазбаша түрде хабарлауы керек.

Олардың өкілетті өкілдіктері түрінде әрекет етуші Қор мен Қарызгер Қарыз туралы Келісімнің тиісті жағдайда орындалуына ықпал еткендігі және оны Қазақстан Республикасына, Семейге жоғарыда көрсетілген мерзімде жеткізілгендігі РАСТАЛАДЫ.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚОРЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Коджи Фуджимото
Операциялық II Департаментінің
Атқарушы директоры

Александр Сергеевич Павлов
Премьер-министрдің
орынбасары Қаржы министрі

1-қосымша
Жобаның сипаттамасы

1-тарау. Жалпы сипаттама

(1) Мақсат:

Семей қаласында Ертіс өзені арқылы жаға тас жол көпірінің құрылысын салу жалғастыратын Қазақстанның негізгі магистралдарының бірі бойынша қауіпсіз, шапшаң көлік қатынасын қамтамасыз ету.

(2) Орналасу жері:

Қазақстан Республикасы, Семей қаласы

(3) Атқарушы Агенттік:

Семей облысы Әкімінің аппараты

(4) Жұмыс көлемі:

(а) Көпір алды жолын қоса, жаңа тас жол көпірінің құрылысын салу

(б) Подъезд жолдарын кеңейту және жақсарту

(с) Консалтингтік қызмет

(а), (б), (с) тармақтар үшін Қарыз қорының қолма-қол ақшасы бар.

Жоғарыда аталған тармақтардың қалдықтары, сондай-ақ басқа да тармақтар Қарызгер тарапынан қаржыландыруға жатады.

2-тармақ. Қажетті қаржының жылдық есебі төменде келтірілген:

Қаржы жылы (қантар-желтоқсан)	Қарыз үшін (млн. жапон иені)	Жоба үшін (млн. жапон иені)
1997	229	1.909
1998	5.684	7.031
1999	5.944	7.420
2000	5.610	6.997
2001	4.027	4.893
2002	36	71
-----	-----	-----
Барлығы	21.530	28.321

Валюталық курс:

(АҚШ долл. = 107.81 жапон иеніне)

Қарыз қорларын төлеу Жапон Үкіметі Қорының жыл сайынғы бюджеттік қаржылары шегінде жүзеге асырылады.

3-тарау. Жобаның аяқтау 2002 жылдың қазанына дейін деп күтіледі.

2-қосымша
Қарыз Қорларын орналастыру

тарау. Орналастыру

Санат	Қарыз сомасын орналастыру (млн. жапон иені)	қаржыландыруға жататын жұмсалымдар %
(А) Құрылыс жұмыстары	18.307	100
(В) Консалтингті қызметтер	1.392	100
(С) Көзделмеген шығындар	1.831	

Барлығы	21.530	

Ескерту: Қаржыландыруға жатпайтын тармақтар төменде көрсетілген.

- (a) Жалпы әкімшілік шығындар
- (b) Салықтар мен алымдар
- (c) Жер және басқа да жылжымайтын мүліктерді сатып алу
- (d) Өтемақы
- (e) Басқа жанама баптар

Әр санаттар бойынша қаржыларды төлеуге қатыстыларға тоқталғанда, төленген сома ықтимал шығындар осы тарауда көрсетілген тиісті санаттардың проценттеріне көбейту арқылы есептелуі керек, егер Қор мен Қарызгердің арасында басқаша келісім б о л м а с а .

2-тарау. Жұмсалымдардың бағалануының өзгеруі бойынша қайта бөлу.

Егер, (А) және (В) Санаттары бойынша алдын-ала есептелген

жұмсалымдар кемісе, онда мұндай алдын-ала бөлу, бірақ осындай Санаттар үшін артық қажет етілмейтін сомаларды Қор (С) Санатына қайта бөледі.

(2) Егер, (А) және (В) Санаттары бойынша алдын-ала есептелген жұмсалымдар өссе, онда осындай үлеске тең соманы, егер ол қарыз қорынан қаржыландыруға жататын болса, Қарызгердің өтініші бойынша Қор (С) Санатынан жұмсалымдарға қатысты Қор айқындаған, көзделмеген шығындарды ескеріп, басқа Санаттардың баптары бойынша Санаттарға орналастырылады.

3-қосымша
Амортизация кестесі

1 (I) Негізгі Соманы орналастыру

Төлем мерзімі	Сома (жапон иенімен)
2007 жылдың 20 қыркүйегінен бастап	491.200.000
әр 20 наурыздан және 20 қыркүйектен	491.170.000
2007 жылдың 20 наурызына дейін (толығымен)	

2 (II) Негізгі Соманы өтеу

Төлем мерзімі	Сома (жапон иенімен)
2007 жылдың 20 қыркүйегінен бастап	33.960.000
әр 20 наурыздан және 20 қыркүйектен	33.951.000
2007 жылдың 20 наурызына дейін (толығымен)	

3 (I) + (II) Негізгі Соманы өтеу

Төлем мерзімі	Сома (жапон иенімен)
2007 жылдың 20 қыркүйегінен бастап	33.960.000
әр 20 наурыздан және 20 қыркүйектен	33.951.000
2007 жылдың 20 наурызына дейін	

(толығымен)

4-қосымша
Сатып алу рәсімдері

1-тарау. Қарыз шеңберінде сатып алу үшін қолданылатын Нұсқаулық

(1) Қарыз қорынан қаржыландыруға жататын барлық тауарлар мен қызметтерді, консалтингтік қызметтерден басқаларын, сатып алу 1987 жылғы қараша деп белгіленген ОЕСФ қарызы (одан әрі "Сатып алу жөніндегі Нұсқаулық деп аталады") шеңберінде сатып алу жөніндегі Нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

(2) Қарыз қорынан қаржыландыруға жататын кеңесшілерді жалдау 1987 жылғы қараша деп белгіленген ОЕСФ Қарызгерінің (одан әрі "Кеңесшілерді жалдау жөніндегі Нұсқаулық" деп аталады) кеңесшілерді жалдау жөніндегі Нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

2 тарау. Ресурс көздеріне құқылы мемлекеттер.

Қарыз қорынан қаржыландырылуға жататын барлық тауарлар мен қызметтерді, консалтингтік қызметтерді қоса, сатып алу көздеріне құқылы Мемлекет(тер) барлық мемлекеттер мен региондар болып табылады.

3-тарау. Қордың тауарлар мен қызметтерді (консалтингтік қызметтерден басқалары) сатып алу жөніндегі шешімдерді қарауы.

Егер келісім-шарттар жалпы Ережелердің 4.02.-тарауына сәйкес 2-қосымшада айқындалғанындай (А) Санаты бойынша бөлінген, қарыз қорынан қаржыландыруға жататын болса, мынадай рәсімдер қайта қарауға және Қормен келісуге жатады:

(1) Егер Қарызгер Халықаралық Конкурстық Саудадан айырмашылығы бар сатып алу рәсімін қолдануға ниет білдірсе, онда Қарызгер Сатып алу Әдіс(тер)ін (одан әрі қосымша N I үлгі бойынша) қарау туралы Өтінішін қарау және келісу үшін Қорға ұсынуы керек. Қарызгерге Сатып алу Әдіс(тер)і туралы Хабарлау арқылы мәлімдейді.

(2) Қайта мамандану туралы жарияламас және (немесе хабарламас) бұрын Қарызгер Қайта мамандану Құжаттарын қарау туралы Өтінішімен бірге қайта мамандану

№ 2 үлгі бойынша) Өтінішпен бірге тапсыруы керек. Қор келісім-шарттың Қарыз туралы Келісімге сәйкес келетіндігін анықтағанда Қор Келісім туралы Хабарлау арқылы Қарызгерді мағлұмат етеді.

(8) Қор қараған келісім-шартқа кез-келген өзгерту енгізу немесе бас тарту Қордың алдын-ала жазбаша келісімін қажет етеді, бірақ егер, келісім-шарттың негізгі мәнін өзгертпейтін және келісім-шарттың бағасына әсер етпейтін кез-келген өзгерту, Қордың мұндай мұқият келісімін қажет етпейді.

4-тарау. Қордың кеңесшілерді жалдау жөніндегі шешімді қарауы

Жалпы Ережелердің 4.02-тарауына сілтеме жасала отырып, мынадай рәсімдер Қордың қарауына және келуіне жатады:

(1) Кеңесшілер ұсыныстарды енгізер алдында Қарызгер Қордың қарауы және келісім үшін Келісім Шарттарды, кеңесшілердің қысқаша тізімін және шақыру-хатты осы құжаттарды қарау Өтінішімен бірге тапсырады. Егер Қор аталған құжаттарды мақұлдаса Қарызгерді Келісім Шарттар, кеңесшілердің қысқаша тізімі және шақыру хат туралы Хабарлау арқылы мәлімдейді. Жоғарыда аталған құжаттарға Қарызгердің енгізген кез-келген өзгертуі Қордың алдын-ала келісімін талап етеді.

(2) Келісім-шарт бойынша келісімге біршама жоғары бағалау балын алған кеңесшілер шақырылар алдында Қарызгер Қордың қарауы және келісімі үшін алынған ұсыныстардың бағасының нәтижесін кеңесшілердің ұсыныстарын қарау Есебі туралы Өтінішпен қоса тапсыруы керек. Егер Қор аталған құжаттарды мақұлдаса, онда Қор кеңесшілердің ұсыныстарын қарау Есебі туралы Хабарлау арқылы Қарызгерге мағлұмат етеді.

(3) 3.07(2) тарау Кеңесшілерді Жалдау жөніндегі Нұсқаулықта аталғанындай, егер Қарызгер, біршама жоғары бағалау балына ие болған кеңесшімен шарт бойынша келісімді аяқтауға, және екінші бағалау балына ие болған кеңесшіні келісімге шақыруға ниет білдірсе, онда Қарызгер өзінің талабы туралы себептерін көрсете отырып, Қорға алдын-ала хабарлауы керек.

(4) 3.01(2) тарау Кеңесшілерді Жалдау жөніндегі Нұсқаулықта аталғанындай, егер Қарызгер арнаулы кеңесші жалдауға ниет білдірсе, онда Қорға себептерін көрсете отырып жазбаша хабарлама, шақыру-хат және Қордың қарауы үшін Келісім Шартты жолдауы керек. Қор тарапынан келісім алғаннан кейін қарызгер мүдделі кеңесшіге шақыру-хат және Келісім Шартты жолдауы керек. Егер кеңесшінің ұсынысы Қарызгерді қанағаттандырса келісім шарт бойынша (қаржы талаптарын қоса) келіссөз жүргізуі мүмкін.

(5) Келісім-шарт жасалғаннан кейін бірден Қарызгер Қордың қарауы және келісуі үшін келісім-шарттың расталған көшірмесін Шартты қарау туралы (одан әрі қосымша N 3 үлгі бойынша) Өтінішпен бірге тапсыруы керек. Қор келісім-шарттың Қарыз туралы Келісімге сәйкес келетіндігін анықтағанда Қор Келісім туралы Хабарлау арқылы Қарызгерді мағлұмат етеді.

(6) Қор қараған келісім-шартқа кез-келген өзгерту енгізу немесе

бас тарту Қордың алдын-ала жазбаша келісімін қажет етеді, бірақ егер, келісім-шарттың негізгі мәнін өзгертпейтін және келісім-шарттың бағасына әсер етпейтін кез-келген өзгерту, Қордың мұндай мұқият келісімін қажет етпейді.

5-тарау. Тілі

Қарызгер барлық корреспонденцияларды Қорға ағылшын тілінде даярлайды. Барлық құжаттар, тендерлік құжаттарды қоса, ағылшын тілінде даярланған болуы керек.

N 1 Үлгі

Күні:

Сілтеме N

Халықаралық Экономикалық Үнтымақтастық Қоры
Жапония, Токио

Назарға алынсын: Операциялық II Бөлімнің Атқарушы
Директорына

Сатып алу Әдіс(тер)ін қарау туралы Өтініш

Қатысты: Ертіс өзеніне салынатын көпір құрылысының жобасы
бойынша, 1997 жылғы 12 наурыз деп белгіленген,
N KAZ-P2 Қарыз туралы Келісім

Жоғарыда аталған Қарыз туралы Келісімнің ережелеріне сәйкес, ұсыныс бойынша, біз Сізге Сатып алу Әдіс(тер)ін қарау үшін ұсынамыз, одан әрі қосымша беріледі.

Егер Сіз өзіңіздің келісіміңізді бергеніңіз туралы хабарласаңыз,

біз ризашылығымызды білдіреміз.

Шын көңілден Сіздің,
_____ үшін.

(Қарызгердің аты)

_____ нан

(қол қоюға өкілетті)

Қосымша парақ N _____

1. Жобаның атауы

2. Сатып алу әдістері

() Шектелген Халықаралық (Жергілікті) Сауда-саттық

() Халықаралық (Жергілікті) Шоппинг

() Тікелей Байланыстар

() Басқалары ()

3. Сатып алу Әдіс(тер)ін Себебі (Жүйелеп)

(Мысалы: техникалық тұрғыдан, экономикалық факторлар, жұмыс тәжірибесі және мүмкіндіктер).

4. Жеткізушінің Аты-жөні және Ұлты

(Шектелген Халықаралық (Жергілікті) Сауда-саттық және Тікелей Байланыстар жағдайында).

5. Келісім-шарттың есептік құны

Шетел валютасы

Жергілікті валюта

6. Жасалған Келісім-шарт бойынша негізгі позициялар

7. Келісім-шарт түрлері

() "Кілтпен ашу" Келісім-шарттары

() Тауарларды (жабдықтарды),
материалдарды сатып алу

() Инженерлік-құрылыс жұмыстарын

жүргізуге арналған Келісім-шарттары

() Қызметтерді сатып алу

() Басқалар

8. Кесте

- i) Келісім-шарт жасалатын күн
- ii) Қызметтерді жіберу күні (немесе жұмыс басталатын күн)
- iii) Аяқталатын "жекiзiлетiн немесе құрылыстың" күн.

№ 2-Үлгі

Күні:

Сілтеме №

Халықаралық Экономикалық Үнтымақтастық Қоры
Жапония, Токио

Назарға алынсын: Операциялық II Бөлімнің Атқарушы
Директорына Келісім-шартты қарау
туралы Өтініш

1997 жылғы 12 наурыз деп белгіленген, № KAZ-P2 Қарыз туралы
Келісімнің ережелеріне сәйкес, біз Сізге келісім-шарттың
расталған көшірмесін қарауға ұсынамыз, одан әрі қосымша беріледі.
Келісім-шарттың негізгі тармақтары:

1. Келісім-шарттың нөмірі мен күні _____
2. Жеткізушінің Аты және Ұлты: _____
3. Сатып алушының Аты: _____
4. Келісім-шарт бағасы: _____
5. Қаржыландыру сомасы: _____
(ықтимал шығындардың _____% білдіретін)
6. Тауарлардың сипаттамасы және пайда болуы

Егер Сіз өзіңіздің келісіміңізді бергеніңіз туралы
хабарламасаңыз және Келісім-Шарт туралы Хабарламаны жолдасаңыз, біз
ризашылығымызды білдіреміз.

Шын көңілден Сіздің

_____ үшін

(қарызгердің аты)

_____ нан

(қол қоюға өкілетті)

№ 3-Үлгі

Күні:
Сілтеме N

Халықаралық Экономикалық Үнтымақтастық Қоры
Жапония, Токио

Назарға алынсын: Операциялық II Бөлімнің Атқарушы
Директорына Келісім-шарт туралы
Өтініш (консалтингтік қызметтерге)

1997 жылғы 12 наурыз деп белгіленген. N KAZ-P2 Қарыз туралы
Келісімнің ережелеріне сәйкес, біз Сізге келісім-шарттың расталған
көшірмесін қарауға ұсынамыз, одан әрі қосымша беріледі.
Келісім-шарттың негізгі тармақтары:

1. Келісім-шарттың нөмірі мен күні _____
2. Жеткізушінің Аты және Ұлты: _____
3. Сатып алушының Аты: _____
4. Келісім-шарт бағасы: _____
5. Қаржыландыру сомасы: _____
(ықтимал шығындардың _____% білдіреді)

Егер Сіз өзіңіздің келісіміңізді бергеніңіз туралы
хабарламасаңыз және Келісім-Шарт туралы Хабарламаны жолдасаңыз, біз
ризашылығымызды білдіреміз.

Шын көңілден Сіздің,
_____ үшін
(қарызгердің аты)
_____ нан
(қол қоюға өкілетті)

5-қосымша
Міндеттемелер бойынша рәсімдер

Міндеттемелер бойынша рәсімдер шілде 1988 ж. Қазақстан Республикасының
басқа, ресурс көздерінің өкілетті ел(дер)інен жеткізуші(лер)ден тауарлар мен

көрсетілетін қызметтерді алуға қарыз қорынан төлеу үшін қажетті өзгертулерімен, мынадай қосымша ескертулермен қолданылуы керек болады:

1 Міндеттемелер бойынша рәсімдер 1(2) тарауына қатысты Банк-эмитенті Токио, Токио-Митсубиси лтд. Банкі болады.

2(а) Қарызгер Қорға Хат-міндеттеменің жалпы сомасының оның бір процентіне (0.1%) тең соманы (жапон иенімен) көрсетілген қызмет үшін төлем ретінде тиісті Хат-міндеттеменің жіберілген күнімен төлейді. Қор Жапон Банкі үшін жоғарыда көрсетілген соманы алған бойда Хат-міндеттемені шығарады.

(б) Осы төлемнің көлеміне тең сома қарыз қорынан қаржыландыруға жататын болады және Қор көрсетілген қызмет үшін төлем ретінде, Хат-міндеттеменің жіберілген күнімен, бұл соманы өзіне жедел төлейді. Қарыз қорынан мұндай төлемдер төлеу, Қарыз туралы Келісімнің ережелеріне сәйкес, Қарызгердің қанды және бөлінбейтін міндеттемесі болып табылады.

б - қ о с ы м ш а
Ө т е у р ә с і м д е р і

Өтеу рәсімдері (қыркүйек 1988) Қазақстан Республикасының Жеткізушіге (лерге) және өкілетті Мемлекеттерден Жеткізушіге (лерге) атқарылған ресурс көздеріне қарыз қаржыларын төлеуге төлеу үшін қажетті өзгертулермен қолдану қажет болады, (Қазақстан Республикасынан басқа) шарт бөлігінде, Қазақстан Республикасында тағайындалған валютамен), мынадай қосымша ескертпелермен қабылданатын болады:

1. Токиода шетел валютасымен операция жасауға құқысы бар банк, ол осы Қосымшаның қай жерінде аталса да, Өтеу рәсімдерін қоса, Токио-Митсубиси лтд. Банкі, Токио болады.

2. Өтеу Рәсімдерінде көрсетілген, Қарызгер аумағында шетел валютасымен операция жасауға құқысы бар банк болып Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тағайындаған банк болады.

3. I(в) Өтеу Рәсімдерінде белгіленгендей төлемдерді және оны пайдалануды растайтын ілеспе құжаттар мыналар:

(а) жеткізушілерге төлеу үшін

(i) жеткізушінің тауар шот-фактурасы, жеткізу аяқталған немесе аяқталмаған олардың санымен бағасы көрсетіледі.

(ii) шот-фактурада тізімі көрсетілген жеткізілетін тауарларды растайтын құжаттар;

(iii) жеткізушілерге төлем даталары мен сомаларын растайтын құжаттар.

(б) мердігерлерге немесе кеңесшілерге төлеу үшін

(i) жұмыстарды мердігердің немесе кеңесшінің атқарғандығын көрсететін

мердігердің немесе кеңесшінің шот-фактурасы;

(ii) мердігердің немесе кеңесшінің атқарған жұмыстарына Атқарушы Агенттіктің жазып берген куәлігі, және

(iii) мердігерге немесе кеңесшіге төленген күнін және сомасын айғақтаушы құжат.

4(a) Қарызгер Қорға Қарызгер төлемдерінің негізгі сомасының оның бір процентіне (0.1%) тең соманы (жапон иенімен) көрсетілген қызмет үшін төлем ретінде төлем күнімен төлейді. Осы рәсім шеңберінде, Қарызгер тарапынан көрсетілген қызметтер үшін төлемді алған бойда Қор тарапынан төлем төлеуді жүзеге асырады.

(б) Көрсетілген қызметтер үшін бұл төлемдердің көлемінің сомасы қаржы қорынан қаржыландырылады және Қор көрсетілген қызмет үшін төлем ретінде, Қарызгерге төлеген күнмен, бұл соманы өзіне жедел төлейді. Қарыз қорынан мұндай төлемдер төлеу, Қарыз туралы Келісімнің ережелеріне сәйкес, Қарызгердің заңды және бөлінбейтін міндеттемесі болып табылады.

5. Өтеуге Өтініштегі сома Жапония иенімен көрініс табады.

6. OECF-SSP үлгісі одан әрі қосымша беріледі және Өтеу Рәсімдеріне қосымша беріліп отырған OECF-SSP үлгісіне сәйкес келеді.

Күні:
Сериясы N _____

Төлемге біріккен ведомост

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Мәміле	Сатып	Жеткі-	Жеткі-	Тауар-	Санат	Пайда	Келісім	Төлем	Төлем
	алушы	зуші	зушінің	лар мен		болу	Шарт	күні	сомасы
			ұлты	қызмет-					
				тердің					
				сипат-					
				тамасы					

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.

Барлығы

11 | 12 | 13 | 14

Төлем | Сатып алу|Қаржыландыру| Төлем
сипаты | әдісі | сомасы | нормасы

Қойылған қол, жоғарыда көрсетілген жеткізуші(лер) және тауарлар және немесе қызметтер Қарыз туралы Келісім шеңберінде рұқсатты болып табылатынын айғақтайды.

4 т. ескертпе. Жеткізушінің Ұлты: Жеткізуші(лер) жұмыс істейтін және тіркелген мемлекет.

6 т. ескертпе. Санат: 2-Қосымшаның 1-тарауында сипатталған санат.

10 т. және 13 т. ескертпе. Төлем сомасы: Егер жапон иені болмаса, бір мезгілде Жеткізуші(лер)ге төленетін соманы және 3б. Өтеу рәсімдеріне сәйкес есептелген айырбасталатын бағамын валютамен көрсетіңіз.

11 т. ескертпе. Төлем сипаты. Алғашқы ішінара немесе соңғы есеп және т.б.

12 т. ескертпе. Сатып алу әдісі: халықаралық конкурстық сауда-саттықтан басқа таңдау себебін көрсетіңіз.

14 т. ескертпе. Төлем нормасы: Жеткізуші(лер)ге валютамен төленетін төлемдер сомасын қаржыландыру сомасына қатысты.

(қол қоюға өкілетті)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК